2) Қарыз алушының келісімімен дербес деректерді жинауға, сақтауға, өңдеуге, ақпаратты кредиттік бюроға және ішкі істер органдарына беруге, кепілзат затын соттан тыс тәртіппен сатуға, хабарламаларды смс, WhatsApp, PUSH арқылы жіберуге;

3) Заңның 9-1-бабында көрсетілген тұлғаларға Микрокредит шарты бойынша құқықты (талапты) беруге. Жеке тұлғамен жасалған, жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілмеген Шарт бойынша құқықты (талапты) беру, Заңда тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, міндеттемені орындау мерзімін қатарынан 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен астам өткізіп алған кезде ғана жол беріледі. Басқаға беру шарты жасалғанға дейін Ломбард Қарыз алушыны, оның ішінде басқаға беруге байланысты оның дербес деректерін өңдеу және беру туралы хабардар етеді.

Ломбард міндетті:

1) басқаға беру шарты жасалғанға дейін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес Шарт бойынша Қарыз алушы — жеке тұлғаны кредитор құқықтарын (талаптарын) үшінші тұлғаға берудің жоспарланып отырғаны, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерінің өңделетіні (берілетіні) туралы Шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы хабардар етуге; құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өтіп кеткені туралы Қарыз алушыны (оның уәкілетті өкілін) Шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы басқаға беру шарты жасалған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде, одан әрі төлемдерді жаңа кредиторға жүзеге асыру қажеттілігін, жаңа кредитордың не сервистік компанияның атауын, орналасқан жерін және банктік деректемелерін, берілген құқықтардың (талаптардың) көлемін, берешектің мөлшері мен құрылымын көрсете отырып хабардар етуге;

2) мерзімін өткізіп алу туындаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Шартта көзделген тәсілмен Қарыз алушыны хабардар етуге (Заңның 9-2-бабының 1-тармағы; цифрлық объектілер арқылы қосымша хабардар ету талабы ломбардтарға қолданылмайды, мұндай хабарлама қосымша жіберілуі мүмкін):

➤ мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдерді төлеу қажеттігі туралы;

➤ Шарт бойынша Қарыз алушының Ломбардқа жүгіну құқығы туралы;

➤ міндеттемелерін орындамаудың салдарлары, оның ішінде Ломбардтың кепілзат затын соттан тыс сату құқығы туралы.

3) Қарыз алушының өтінішін алған күннен кейін 15 күнтізбелік күн ішінде қарауға және жазбаша нысанда: келісімі / ұсыныстары / дәлелді бас тартуы туралы хабарлауға;

4) жақсарту шарттарын қолданған кезде Шарттың шарттарының өзгергені туралы хабардар етуге;

5) негізгі борыш пен сыйақы мерзімнің соңында біржолғы төлеммен өтелетін микрокредиттерді, сондай-ақ кредиттік желі түрінде берілетін микрокредиттерді қоспағанда, тараптар қол қойған микрокредитті өтеу кестесін Шартқа қоса беруге.

5. Қарыз алушы/Сақтауға зат тапсырушы құқылы:

1) Ломбардпен Шарт жасалғанға дейін осы Қағидамен, Ломбардтың тарифтерімен танысуға;

2) алынған микрокредитке өз қалауы бойынша билік етуге;

3) кепілзат затын Сақтау шарты бойынша сақтауға беруге;

4) Ломбард мерзімін өткізіп алу туралы хабарламаны жіберген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде Шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы жазбаша өтінішпен Ломбардқа жүгінуге, оның ішінде: сыйақы мөлшерлемесін азайту; төлемді кейінге қалдыру; берешекті өтеу әдісін/кезектілігін өзгерту; микрокредит мерзімін өзгерту; борышты кешіру; кепілзат затын беру арқылы шегінбені ұсыну;

5) Ломбард бас тартқан не өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген жағдайда — Ломбардтың шешімін алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Ломбардты бір мезгілде хабардар ете отырып, микроқаржылық омбудсманға жүгінуге (Заңның 9-2-бабының 4-тармағы). 01.01.2027 ж. бастап өтініш Ломбардтың шешімін алған күннен бастап үш ай ішінде қаржылық омбудсманға беріледі;

6) ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне (АРРФР) шағыммен жүгінуге;

7) даулы жағдайлар туындаған кезде Ломбардқа жазбаша хабарласуға.

Қарыз алушы/Сақтауға зат тапсырушы міндетті:

1) Шартты жасау кезінде Ломбардқа қолданыстағы ұялы телефон нөмірін хабарлауға;

2) ұялы телефон нөмірі өзгерген күннен бастап 2 күннен кешіктірмей жаңа нөмірді жазбаша хабарлауға.

6. Ломбардқа сақтауға берілген кепілзат заты/зат металл, отқа төзімді, сындыруға төзімді сейфтерде күзет және өртке қарсы қауіпсіздік жүйелерімен жабдықталған, құлыппен жабылатын есігі бар оқшауланған үй-жайда сақталады.

7. Ломбард сақтауға берілген кепілзат затының/заттың жоғалғаны үшін оның бағалау құны мөлшерінде, ал бүлінгені үшін — егер жоғалту немесе зақымдану еңсерілмейтін күштің салдарынан болғанын дәлелдей алмаса, осы құн төмендеген сома мөлшерінде жауапты болады.

8. Ломбард Қарыз алушы/Сақтауға зат тапсырушы ұсынған байланыс деректерінің дұрыс еместігі, сондай-ақ олардың өзгергені туралы уақтылы жазбаша хабарламағаны салдарынан хабарламалардың алынбағаны үшін жауапты болмайды.

9. Ломбард Ломбардта микрокредит беру/заттарды сақтау құпиясына кепілдік береді. Ломбардта сақталатын дербес деректер, микрокредит сомасы, кепілзат заты/зат туралы ақпарат құпия болып табылады және ҚР заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, ашуға жатпайды.

10. Қарыз алушы/Сақтауға зат тапсырушы Микрокредит шартына/Сақтау шартына қол қоя отырып, осы Қағидадағы шарттармен келіседі.

2. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТӘРТІБІ, ШЕКТІ СОМАЛАР МЕН МЕРЗІМДЕРІ

11. Өтініш берушінің ауызша өтініші негізінде Ломбард қызметкері микрокредит берудің түрлері мен шарттары бойынша толық ақпарат береді. Тараптардың келісімі бойынша Микрокредит шарты жасалады.

11-1. Шарт жасалғанға дейін Ломбард: 1) Өтініш берушіге қаржы өнімінің негізгі шарттарын қамтитын негізгі ақпараттық құжатты (КИД) ұсынады; 2) Кепілзат билетінің жобасын және Стандартты талаптарды (Қосылу шартын) танысу үшін ұсынады; 3) АРРФР Талаптарында және Ломбардтың ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен микрокредиттің Өтініш берушінің мүдделеріне, қаржылық жағдайы мен мүмкіндіктеріне сәйкестігін (жарамдылығын) бағалауды жүргізеді; 4) Өтініш берушіні оның құқықтары мен міндеттері,

міндеттемелерді орындамаудың салдарлары, микроқаржылық омбудсманға және АРРФР-ға жүгіну құқығы туралы хабардар етеді.

11-2. Ломбард клиентті қызмет көрсетудің барлық кезеңдерінде ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді: Шарт жасалғанға дейін консультация беру, Шарттың қолданылу кезеңінде және мерзімін өткізіп алу туындаған кезде хабардар ету.

12. Микрокредит шарты ҚР азаматтық заңнамасының мәміленің жазбаша нысанына қойылатын талаптары ескеріле отырып жасалады және уәкілетті органның нормативтік актісінде белгіленген міндетті талаптардың тізбесін қамтиды.

13. Микрокредит шарты бойынша ақпарат мемлекет қатысатын кредиттік бюроға міндетті түрде берілуге тиіс.

14. Теңгемен берілген Микрокредит шарты бойынша міндеттемелер мен төлемдерді кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып индекстеуге жол берілмейді.

15. Ломбард Қарыз алушы үшін жақсартылған жағдайларды қоспағанда, Микрокредит шартының шарттарын біржақты тәртіппен өзгертуге құқығы жоқ. Жақсарту: 1) тұрақсыздық айыбын азайту немесе жою; 2) сыйақы мөлшерлемесін азайту.

16. Азаматтарға мақсатсыз микрокредит беру жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлік болып табылатын алтыннан жасалған зергерлік және өзге де бұйымдарды, олардың бөліктерін (сынықтарын) 333-тен 999 сынамаға дейін кепілзатқа салу арқылы жүргізіледі (Заңның 3-бабы).

17. Микрокредит сомасы таза алтынның мазмұнына, биржалық құнына, бұйымдағы гауһар тасқа және кредиттік тарихқа байланысты. Ең жоғары сомасы — 8 000 АЕК.

18. Микрокредит беру мерзімі — микрокредит берілген күннен бастап 45 күнтізбелік күнге дейін. Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақыны Қарыз алушы тараптардың келісімі бойынша мынадай тәсілдердің бірімен төлейді: а) алдын ала төлем (предоплата) — микрокредиттің бүкіл мерзімі үшін сыйақы сомасы микрокредит берілген кезде Ломбард ұстап қалады. Кепілзат билетінде: микрокредит сомасы, ұсталған сыйақы сомасы және Қарыз алушыға қолма-қол берілген сома көрсетіледі; б) кейінгі төлем (постоплата) — сыйақы микрокредитті өтеу кезінде микрокредитті нақты пайдаланған күндер саны үшін Қарыз алушы төлейді. Сыйақы берілген кезде ұсталған (алдын ала төлем) микрокредитті мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, Ломбард микрокредитті нақты пайдаланған күндер саны үшін сыйақыны қайта есептейді және ұсталған мен нақты есептелген сыйақы арасындағы айырманы Қарыз алушыға қайтарады. Қарыз алушының қалауы бойынша төлеу/өтеу Ломбардтың кез келген филиалында жүзеге асырылуы мүмкін. Микрокредитті өтеу әдісі — Қарыз алушының қалауы бойынша бір жолғы төлеммен немесе ішінара.

18-1. Жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілзатқа сала отырып, 45 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге 100 АЕК-тен аспайтын мөлшерде берілетін микрокредиттер бойынша Кепілзат билетінде № 92 қаулымен бекітілген Талаптардың 5-қосымшасы 3-тармағының екінші бөлігінде көзделген талаптар бекітіледі: 1) микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу міндеттемесін бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері әрбір мерзімі өткен күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,3%-ынан аспайды; 2) Қарыз алушының Шарт бойынша барлық төлемдері, оның ішінде сыйақы мен тұрақсыздық айыбы, микрокредит нысанасын қоспағанда, жиынтығында Шарттың бүкіл қолданылу кезеңі үшін берілген микрокредит сомасының жартысынан аспайды; 3) тараптардың келісімі бойынша Шарттың мерзімін қолданыстағы немесе жақсартатын талаптармен 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ұзартуға жол беріледі.

19. Шарттың мерзімі осы Қағиданың 18-1-тармағының шектеулерін ескере отырып, сыйақыны толық көлемде уақтылы төлеген жағдайда тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

20. Микрокредит мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап Қарыз алушыға ұзақтығы кемінде бір ай болатын Кепілдікті күту кезеңі (Кепілзат билетінде — «Кепілдік мерзімі») беріледі. Бұл кезеңде Ломбард микрокредитті нақты пайдаланған күндер саны үшін сыйақыны және осы Қағиданың 18-1, 26-1 және 26-2-тармақтарында белгіленген шектерде тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) есептеуге құқылы, бірақ мерзімін өткізіп алудың қатарынан 90 күнтізбелік күнінен аспайтын мерзімге. Кепілдікті күту кезеңі өткенге дейін кепілзат затын сатуға жол берілмейді (ҚР Азаматтық кодексінің 328-бабының 3-тармағы).

21. Микрокредитті ішінара және толық мерзімінен бұрын өтеуге кез келген уақытта, кез келген сомада, шектеусіз және тұрақсыздық айыбын алмастан, Ломбардтың кез келген филиалында жол беріледі.

22. Қарыз алушының сұрау салуы бойынша Ломбард сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда не Шартта көзделген тәсілмен Ломбардқа төленген ақша сомасы, мерзімі өткен берешек мөлшері (бар болса), борыш қалдығы, кезекті төлемдердің мөлшері мен мерзімдері және кредит беру лимиті (бар болса) туралы мәліметтерді ұсынады. Қарыз алушының өтініші бойынша Ломбард айына бір реттен жиілетпей, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде берешекті өтеу есебіне түсетін ақшаның бөлінуі туралы ақпаратты, ал толық немесе ішінара мерзімінен бұрын өтеу туралы өтініш бойынша қажетті соманың есебін тегін береді. Берешек толық өтелгеннен кейін Ломбард Қарыз алушының өтініші бойынша өтінішті алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде берешектің жоқ екені туралы анықтаманы тегін ұсынады.

23. Берешек болған жағдайда Қарыз алушы оны келесі кезектілікпен өтейді: 1) сыйақы бойынша берешек; 2) негізгі борыш бойынша берешек; 3) тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл); 4) Ломбардтың орындауды алу жөніндегі шығындары.

Ескерту: Заңның 6-бабының 1-1-тармағындағы кезектілік ломбард жасайтын шартқа қолданылмайды.

2-1. ПРОБЛЕМАЛЫҚ БЕРЕШЕКТІ РЕТТЕУ ТӘРТІБІ

23-1. Қарыз алушылардың — жеке тұлғалардың проблемалық берешегін реттеу Заңның 9-2-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

23-2. Міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу болған кезде Ломбард Қарыз алушыны мерзімін өткізіп алу туындаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Шартта көзделген тәсілмен хабардар етуге міндетті (Заңның 9-2-бабының 1-тармағы).

23-3. Ломбард Қарыз алушы — жеке тұлғаға Заңның 9-2-бабының 1-тармағында көзделген хабарламаны жіберген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Қарыз алушы Микрокредит шартының шарттарына өзгерістер енгізу туралы, мерзімін өткізіп алудың себептері мен расталған мән-жайлар туралы мәліметтерді қамтитын жазбаша өтінішпен Ломбардқа жүгінуге құқылы (Заңның 9-2-бабының 2-тармағы). Мерзімнің өтуі хабарлама жіберілген күннен кейінгі күннен басталады (ҚР АҚ 173-бабы).

23-4. Ломбард өтінішті алған күннен кейін 15 күнтізбелік күн ішінде қарауға және Қарыз алушыға жазбаша нысанда: келісімі, Шарт талаптарын өзгерту жөніндегі өз ұсыныстары немесе дәлелді бас тарту туралы хабарлауға міндетті. Ломбард қарсы ұсыныстар енгізген кезде талаптарды өзгерту туралы келісімге Қарыз алушы мұндай ұсыныстарды алған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде қол жеткізілуге тиіс; бұл мерзім тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

23-4-1. ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын не төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайлардан зардап шеккен Қарыз алушы өтініш берген кезде Заңның 9-2-бабы 2-тармағының 1-1) және (немесе) 2) тармақшаларында көзделген өзгерістер кемінде үш ай мерзімге енгізіледі. Әлеуметтік осал топқа жататын Қарыз алушыға қатысты келісім туралы шешім оның өтініш берген айдың

алдындағы екі ай үшін есептелген орташа айлық табысының алдыңғы он екі айдағы орташа айлық табысымен салыстырғанда 30%-дан астам төмендеуі не атаулы әлеуметтік көмек тағайындалуы шартымен қабылданады. Бұған қосымша Ломбард Қарыз алушының өтініші бойынша 45 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге төлемді кейінге қалдыруды беруге құқылы.

23-5. Қарыз алушының өтінішін қарау кезеңінде кепілзат затын сату, сондай-ақ аталған мүлікті Ломбардтың меншігіне өткізу жол берілмейді.

23-6. Ломбард Шарт талаптарын өзгертуден бас тартқан не өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген жағдайда, Қарыз алушы — жеке тұлға Ломбардтың шешімін алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Ломбардты бір мезгілде хабардар ете отырып, микроқаржылық омбудсманға жүгінуге құқылы (Заңның 9-2-бабының 4-тармағы). 01.01.2027 ж. бастап өтініш Ломбардтың шешімін алған күннен бастап үш ай ішінде қаржылық омбудсманға беріледі. Сондай-ақ Қарыз алушы ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен АРРФР-ға шағыммен жүгінуге құқылы.

23-7. Қарыз алушы — жеке тұлға Ломбардқа жүгіну құқығын пайдаланбаған жағдайда немесе Шарт талаптарын өзгерту бойынша келісімге қол жеткізілмеген кезде, Ломбард заңнамада және (немесе) Шартта көзделген шараларды, оның ішінде кепілзат затына соттан тыс тәртіппен өндіріп алуды қолдануға құқылы.

23-8. Шартта Ломбардтың коллекторлық агенттікті тарту құқығы көзделген жағдайда Ломбард мерзімі өткен берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге құқылы. Берешек берілген күні Ломбард бұл туралы Қарыз алушыны коллекторлық агенттіктің атауын, орналасқан жерін және борышкерлермен байланысуға арналған телефон нөмірлерін көрсете отырып, Шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы хабардар етеді.

23-9. Берешек коллекторлық агенттікте сотқа дейін өндіріп алуда және реттеуде болған кезеңде Ломбард сотқа берешекті өндіріп алу туралы талап қойып жүгінуге, берешек коллекторлық агенттікте жұмыста болған кезең үшін сыйақы төлеуді талап етуге, сондай-ақ негізгі борышты және сыйақыны уақтылы өтемегені үшін көрсетілген кезеңге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есепке жазуға құқылы емес.

3. СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІНІҢ ШЕКТІ ШАМАЛАРЫ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

24. Микрокредитті пайдаланғаны үшін Қарыз алушы Микрокредит шартында белгіленген мөлшерде және мерзімде сыйақы төлейді.

25. 100 АЕК-тен (2026 жылы 432 500 теңге) асатын мөлшерде жеке тұлғамен жасалған Микрокредит шарты бойынша ЖТСМ 46%-дан аспайды (АРРФР Басқармасының 30.06.2026 ж. № 101 және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2026 ж. № 79 бірлескен қаулысымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып).

26. АРРФР Талаптарының 5-қосымшасының 3-тармағына сәйкес келетін, 45 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге 100 АЕК-тен аспайтын мөлшерде жасалған Шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесі күніне 0,3%-дан кем, ЖТСМ 179%-дан аспайды (АРРФР Басқармасының 30.06.2026 ж. № 101 және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2026 ж. № 79 бірлескен қаулысымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып).

26-1. 100 АЕК-тен асатын мөлшердегі микрокредиттер бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткен төлем сомасынан есептеледі және әрбір күн үшін 0,5%-ынан, бірақ Шарттың қолданылуының әрбір жылы үшін берілген микрокредит сомасының 10%-ынан аспайды (Заңның 6-бабы). 100 АЕК-ке дейінгі микрокредиттер бойынша тұрақсыздық айыбының мөлшері осы Қағиданың 18-1-тармағымен айқындалады. Нақты мөлшері Шартта көрсетілген шектерде белгіленеді.

26-2. Жеке тұлғалармен жасалған, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес, мемлекеттік тіркеуге жатпайтын мүлік (оның ішінде алтыннан жасалған бұйымдар) кепілімен қамтамасыз етілген Микрокредит шарттары бойынша мерзімін өткізіп алудың қатарынан 90 (тоқсан) күнтізбелік күні өткеннен кейін сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеу тоқтатылады; көрсетілген мерзімнен кейінгі кезең үшін есептелген сыйақы мен тұрақсыздық айыбын талап етуге жол берілмейді.

27. Қарыз алушы Ломбардқа микрокредитті нақты пайдаланған күндер саны үшін сыйақы төлейді.

28. Ломбард микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақының жеңілдікті мөлшерлемесін белгілеуге құқылы, сыйақы мөлшері мен шарттары Микрокредит шартында көрсетіледі.

29. Ломбард микрокредиттерді жеңілдікті жағдайларда қайта қаржыландыруды жүзеге асырады, жеңілдікті мөлшерлеме мен өсімақы Микрокредит шартында көрсетіледі.

4. ЛОМБАРД ҚАБЫЛДАЙТЫН КЕПІЛЗАТ МҮЛКІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

30. Микрокредиттерді қамтамасыз ету үшін Ломбард алтыннан жасалған зергерлік және өзге де бұйымдарды, олардың бөліктерін (сынықтарын) 333-тен 999-ға дейін әрбір бұйым бойынша Шартты ресімдеу жолымен кепілзатқа қабылдайды (бұдан әрі — кепілзат заты).

31. Кепілзат затына қойылатын талаптар Ломбардтың ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалады.

32. Кепілзат затын қабылдау кезінде Ломбард спектральды рентген-флуоресценттік талдау әдісін қоса алғанда, алтынның құрамын анықтау үшін әртүрлі әдістерді қолдануға құқылы. Қарыз алушы сынақтан өткізуден бас тартса, Ломбард қабылдаудан бас тартуға құқылы.

33. Кепілзат затын қарау және бағалау кезінде Ломбард Қарыз алушыға кепілзат затының талаптарға сәйкес келмеуі, теріс кредиттік тарихтың болуы және ҚР заңнамасында белгіленген өзге де негіздер бойынша микрокредит беруден бас тартуға құқылы.

34. Микрокредит алған кезде Қарыз алушы кепілзат затын Ломбардқа береді. Ломбард Шарт мерзімі аяқталғанға дейін кепілзат затын пайдаланбайды және оған билік етпейді. Қайтару Қарыз алушыға нотариалды сенімхат болған кезде уәкілетті өкілге, сондай-ақ растайтын құжаттар ұсынылған кезде мұрагерлерге микрокредит сомасы, сыйақылар мен өзге де төлемдер толық өтелгеннен кейін жүргізіледі.

35. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда Ломбард кепілзат затын Кепілдікті күту кезеңі аяқталғаннан кейін, бірақ микрокредитті өтеу мерзімі өткеннен кейін кемінде бір айдан ерте емес, заңнамада/Шартта көзделген тәртіппен сатуға құқылы. Берешекті реттеу бойынша Қарыз алушының өтінішін қарау кезеңінде кепілзат затын сатуға жол берілмейді.

5. ЖТСМ ЕСЕПТЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӘНЕ МИКРОКРЕДИТТІ ӨТЕУ ӘДІСТЕРІ

36. Ломбард Микрокредит шартында жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін (бұдан әрі – «ЖТСМ») көрсетеді.

37. ЖТСМ есептеу жүзеге асырылады: Микрокредит шартын, оған қосымша келісімдерді жасау күніне; Қарыз алушының ауызша немесе жазбаша талабы бойынша; Шартқа ақшалай міндеттемелердің өзгеруіне әкеп соғатын өзгерістер енгізілген жағдайда.

38. Анық, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі (нақты құндағы) сыйақы мөлшерлемесі (ЖТСМ) АРРФР Басқармасының 03.04.2026 ж. № 44 қаулысымен (тіркеу № 38333) бекітілген Қарыздар мен салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін анық, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеуде (нақты құнда) есептеу қағидаларының (бұдан әрі — ЖТСМ есептеу қағидалары) 11-тармағында белгіленген формула бойынша есептеледі:

$$D - k + \sum S_j / (1+APR)^{(t_j/365)} = \sum P_i / (1+APR)^{(t_i/365)}$$

(j бойынша 1-ден n-ге дейін, i бойынша 1-ден m-ге дейін)

мұнда: D — бірінші микрокредиттің сомасы; k — бірінші микрокредитті алған күнгі Қарыз алушының микрокредит алуға байланысты Ломбардқа төлемдерінің жалпы сомасы (оның ішінде беру кезінде ұсталатын сыйақы (алдын ала төлем)); S_j — бірінші микрокредиттен кейінгі Қарыз алушыға j-ші төлемнің сомасы, кезекті микрокредиттерді қоса алғанда; P_i — бірінші микрокредитті алғаннан кейінгі Қарыз алушының i-ші төлемінің сомасы; t_j , t_i — бірінші микрокредит берілген күннен тиісті төлемге дейінгі күндер саны; APR — жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі; n, m — соңғы төлемдердің реттік нөмірлері.

39. ЖТСМ мәні ЖТСМ есептеу қағидаларының 22-тармағына сәйкес дәйекті жуықтау әдісімен айқындалады және ЖТСМ есептеу қағидаларының 23-тармағына сәйкес жүздік үлеске дейін дөңгелектенеді. ЖТСМ есептеу мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының өзге де қолданыстағы нормативтік құқықтық актілері Ломбард микрокредиттеріне қолданылуға жататын бөлігінде қолданылады.

40. ЖТСМ есебіне негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша Шарт талаптарын сақтамауға байланысты төлемдерді (өсімақыны, айыппұлды) қоспағанда, Қарыз алушының барлық төлемдері енгізіледі.

41. Қарыз алушылардың Ломбардқа жүргізген төлемдері олардың нақты төлемдері күніне, ал болашақ — төлемдер кестесі бойынша ескеріледі.

42. Ломбардтағы микрокредитті өтеу әдісі — бір жолғы төлеммен немесе Қарыз алушының қалауы бойынша ішінара (бөліп-бөліп).

6. ЛОМБАРДТА ЗАТТАРДЫ САҚТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

43. Ломбард алтыннан жасалған зергерлік және өзге де бұйымдарды, олардың 333-тен 999 сынамаға дейінгі бөліктерін (сынықтарын) (бұдан әрі — Зат) сақтауды жүзеге асырады.

44. Сақтау шартын жасау Ломбардтың әрбір бұйымға атаулы сақтау түбіртегін беруімен ресімделеді.

45. Сақтауға тапсырылатын Затты бағалау тараптардың келісімі бойынша жүргізіледі.

46. Затты сақтауға қабылдаған кезде Ломбард алтынның құрамын анықтау үшін әртүрлі әдістерді қолдануға құқылы. Бас тартқан жағдайда Ломбард қабылдаудан бас тартуға құқылы.

47. Затты қарау және бағалау кезінде Ломбард талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты сақтауға қабылдаудан бас тартуға құқылы.

48. Сақтау мерзімі мен сақтағаны үшін сыйақы мөлшері тараптардың келісімімен Сақтау шартында айқындалады.

49. Сақтау үшін сыйақы Сақтау шарты тоқтатылғанға дейін кез келген уақытта нақты сақтау күндерінің саны үшін төленеді. Ломбардтың сақтауға арналған шығыстары сыйақы мөлшеріне енгізілген.

50. Сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін Сақтауға зат тапсырушы өз Затын кері алуға немесе сыйақы төленген жағдайда сақтау мерзімін ұзартуға міндетті.

51. Сақтау мерзімі ұзартылған кезде сыйақының жаңа мөлшері тараптардың келісімі бойынша айқындалады және ұзартылған сақтау мерзімі басталғанға дейін Сақтау шартында, қосымша келісімде не Атаулы сақтау түбіртегінде бекітіледі.

52. Сақтау мерзімі сыйақы нақты төленген күндер санына толық/ішінара төленген кезде ұзартылады. Ұзарту Ломбардтың кез келген филиалында жүзеге асырылуы мүмкін.

53. Затты толық кері алған (Сақтау шартының қолданылуы тоқтатылған) кезде Сақтауға зат тапсырушы нақты сақтау күндерінің саны үшін сыйақы төлейді.

54. Сақтау шарты бойынша Затты беру Ломбардқа тиесілі төлемдер толық өтелгеннен кейін олар сақтауға қабылданған бөлімшеде жүргізіледі.

55. Егер сақтау мерзімі өткеннен кейін Зат талап етілмесе, Ломбард Сақтау шартында көзделген тұрақсыздық айыбын ала отырып, оны 3 ай бойы сақтайды.

56. Ломбард Заттарды Сақтауға зат тапсырушының пайдасына жоғалту және зақымдану қаупінен бағалау сомасына сақтандырады.

57. Ломбард сақтауға тапсырылған Затты пайдалануға құқылы емес. Ломбард Заттың жоғалғаны, кем шыққаны және зақымданғаны үшін жауапты болады және жоғалу, кем шығу немесе зақымдану еңсерілмейтін күштің, Заттың қасиеттерінің не Сақтауға зат тапсырушының пиғылының немесе өрескел абайсыздығының салдарынан туындаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

58. Сақтау шартын мерзімінен бұрын бұзу Тараптардың келісімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.

59. Сақтауға зат тапсырушы Затты алу бойынша міндеттемелерді орындамаған не Затты кері алудан жалтарған кезде, Ломбард кемінде бір ай бұрын жазбаша ескерткеннен кейін талап етілмеген Затты соттан тыс мәжбүрлеп сатуға құқылы. Талап етілмеген Затты сатудан түскен сомадан сақтау үшін сыйақы мен Ломбардтың шығындары өтеледі; қалған сома Сақтауға зат тапсырушыға қайтарылады.

60. Сақтауға зат тапсырушы талап етілмеген Зат сатылғанға дейін кез келген уақытта Ломбард алдындағы міндеттемелерін орындай отырып, оған өндіріп алуды тоқтатуға құқылы.

6-1. МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРҒА ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ЖҮРІП-ТҰРУЫ ШЕКТЕУЛІ ТОПТАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

60-1. Ломбард мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына олардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, өзге клиенттермен тең жағдайда қызмет алуын қамтамасыз етеді, оның ішінде қызмет көрсету орындарына кедергісіз кіруді және кезектен тыс қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Мүгедектігі себебінен қызмет көрсетуден бас тартуға жол берілмейді.

60-2. Ломбард қызметкері клиенттің өтініші бойынша осы Қағидамен, микрокредит шарттарымен және қол қойылатын құжаттардың мәтінімен танысуға жәрдем көрсетеді, оның ішінде оларды дауыстап оқып береді, мазмұнын түсіндіреді, құжаттарды толтыруға көмектеседі.

60-3. Мүгедектігі бар адам ертіп жүруші адамның не өкілдің көмегін пайдалануға құқылы. Клиент дене кемістігіне байланысты құжаттарға өз қолымен қол қоя алмаса, қол қою ҚР азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

60-4. Микрокредит беру шарттары және Ломбардтың байланыс деректері туралы ақпарат клиентке қолжетімді нысанда, оның ішінде ауызша және Ломбардтың интернет-ресурсында көрсетілген телефон арқылы беріледі.

7. АҚПАРАТТЫ АШУ

61. Ломбард АРРФР Талаптарына сәйкес, оның ішінде интернет-ресурсында және клиенттерге қызмет көрсету аймақтарында мынадай ақпаратты ашуды қамтамасыз етеді:

- 1) осы Микрокредит беру қағидасын;
- 2) микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия туралы ақпаратты (№ 02.21.0050.L);
- 3) ұсынылатын қаржы өнімдері мен қызметтерінің толық тізбесін, олар арналған клиенттердің нысаналы топтарын көрсете отырып;
- 4) микрокредиттердің шарттары мен құны туралы, оның ішінде сыйақы мөлшерлемелері мен ЖТСМ туралы ақпаратты;

5) өтініштерді, оның ішінде берешекті реттеу жөніндегі өтініштерді қарау тәртібі мен мерзімдері туралы ақпаратты, сондай-ақ шағым нысанын және Шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтініш нысанын;

6) микроқаржылық омбудсманға және АРРФР-ға жүгіну құқығы туралы ақпаратты, олардың байланыс деректерін көрсете отырып;

7) Ломбардтың байланыс деректерін.

8) сыйақы мөлшерлемелері мен тарифтерді, олардың бекітілген және өзгертілген күндерін, ішкі құжаттардың нөмірлерін және оларды бекіткен органды көрсете отырып;

9) уәкілетті агенттердің тізілімін не олардың жоқ екені туралы ақпаратты;

10) төлемдер мөлшерін, төлемдердің жалпы сомасын және ЖТСМ қорытынды мәнін айқындауға мүмкіндік беретін автоматтандырылған есептеу құралдарын (калькуляторларды), есептеу нәтижелерінің анықтамалық сипаты туралы нұсқаумен.

7-1. КЛИЕНТТЕРДІҢ ӨТІНІШТЕРІН ҚАРАУ ТӘРТІБІ

61-1. Клиенттердің жолданымдары ауызша нысанда (оның ішінде телефон арқылы) және жазбаша нысанда — қызмет көрсету орындарында, пошта, электрондық пошта арқылы, сондай-ақ жолданым беру сервисі болған жағдайда Ломбардтың интернет-ресурсы немесе мобильді қосымшасы арқылы қабылданады. Жолданымды қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді. Жазбаша жолданым келіп түскен күні тіркеу нөмірі беріле отырып тіркеледі, нөмір клиентке хабарланады. Жазбаша жолданымды қабылдау оның көшірмесіндегі белгімен немесе талонмен, ал интернет-ресурс не мобильді қосымша арқылы берілген кезде қабылдау күні мен тіркеу нөмірі көрсетілген хабарламамен расталады. Нақты уақыт режиміндегі хабар алмасу жүйелеріндегі және Ломбардтың абоненттік нөмірлеріне келіп түскен хабарлар ақпараттық сұрау салулар ретінде қаралады; клиентке жолданым беру тәртібі түсіндіріледі.

61-2. Телефон арқылы өтініштер міндетті түрде тіркелуге, ал телефон сөйлесулері — аудиозапись құралдарымен жазылуға жатады, бұл туралы клиент сөйлесудің басында хабардар етіледі.

61-2-1. Ауызша жолданымдар жүгінген кезде қаралады. Егер ауызша жолданымды жүгінген кезде шешу мүмкін болмаса, клиентке жазбаша жолданым беру тәртібі және оны қарау мерзімдері түсіндіріледі.

61-3. Өтініш, егер ҚР заңнамасында өзге мерзім белгіленбесе, тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қаралады. Ұсынылған мәліметтер жеткіліксіз болған кезде Ломбард клиенттен жетіспейтін мәліметтер мен құжаттарды сұратуға құқылы. Қосымша ақпарат алу қажет болған кезде қарау мерзімі 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін; ұзарту және оның себептері туралы клиент ұзарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етіледі. Берешекті реттеу мәселелері бойынша өтініштер осы Қағиданың 2-1-бөлімінде белгіленген мерзімдерде қаралады.

61-4. Жазбаша жауап жолданым ұсынылған тілде беріледі және әрбір мәселе бойынша негізделген және уәжделген дәлелдерді, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына, Ломбардтың ішкі құжаттарына және Шарт талаптарына сілтемелерді, белгіленген нақты мән-жайлардың сипаттамасын және қабылданған шешімге шағымдану құқығын түсіндіруді қамтиды. Жауапқа Ломбардтың уәкілетті адамы қол қояды, бұған АРРФР Талаптарына сәйкес жауапқа қол қою талап етілмейтін жағдайлар кірмейді.

61-4-1. Жауап Шартта көзделген тәсілмен беріледі және: Шартта немесе жолданымда көрсетілген мекенжай бойынша тапсырыс хатпен; Шартта немесе жолданымда көрсетілген электрондық пошта мекенжайына; жауап мәтінімен не толық мәтіні бар интернет-ресурсқа сілтемемен SMS-хабарлама немесе push-хабарлама арқылы; жауапты алғанын тіркеуді

қамтамасыз ететін Шартта көзделген өзге байланыс құралымен жіберілген жағдайда жеткізілген болып есептеледі. Клиент жеке келген кезде жауап өзіне немесе оның уәкілетті өкіліне қол қойғыза отырып беріледі. Жауап оны тапсырудың мүмкін еместігі немесе клиенттің қабылдаудан бас тартуы туралы белгімен қайтарылған жағдайда тиісті түрде берілген болып есептеледі.

61-5. Ломбард барлық жазбаша жолданымдарды тіркеуді, жіктеуді және ақпаратты кемінде 5 (бес) жыл сақтауды қамтамасыз ететін келіп түскен жолданымдар жіктеуішін жүргізеді. Негізгі ақпарат жолданымның тіркеу нөмірі мен күнін; клиенттің (оның өкілінің) ЖСН немесе БСН және олар көрсетілген жағдайда байланыс деректерін; олар көрсетілген жағдайда демографиялық деректерді; келіп түсу арнасын; кредиттік өнім түрін; сұрақ жіктеуішін; жолданымның мәні мен сипаттамасын; жауапты қызметкерлер туралы мәліметтерді; қабылданған шешімді қамтиды.

61-5-1. Жолданымдарды талдау Ломбардтың жауапты лауазымды тұлғасына жүктеледі және олардың туындау себептерін анықтауды, ұсынымдар әзірлеуді, басшылыққа түзету және алдын алу шаралары туралы ұсыныстар енгізуді, жолданымдар саны мен жіктелуі, мерзімдердің сақталуы, клиенттердің қанағаттануы, жүйелік проблемалар мен қабылданған шаралар туралы басқарушылық есептілікті дайындауды қамтиды.

61-6. Ломбардтың уәкілетті адамдары Ломбард басшысы не тиісті филиал басшысы бекіткен кесте бойынша клиенттерді айына кемінде бір рет жеке қабылдайды. Жеке қабылдау филиалдарда да өткізіледі; қабылдау кестесі қызмет көрсету орындарында және Ломбардтың интернет-ресурсында орналастырылады.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

62. Осы Қағидаға өзгерістер мен толықтырулар Ломбардтың жалғыз қатысушысының шешімімен бекітіледі. Қағиданың жаңа редакциясы ол қолданысқа енгізілгеннен кейін жасалған шарттарға қолданылады; бұрын жасалған шарттарға өзгерістер тек Қарыз алушының/Сақтауға зат тапсырушының жағдайын жақсартатын бөлігінде ғана қолданылады.

63. Осы Қағидамен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.